

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі» ММ  
«Балбөбек» бөбекжай-бақшасы МКҚК  
Қамқоршылық кеңестің кезектен тыс отырысының №3 хаттамасы**

27.03.2026 ж.

Қаратал ауылы

Қатысқандар саны: 7 адам

Шақырылғандар: 7 адам (өзін-өзі бағалау комиссиясының мүшелері)

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. Меңгеруші Р.Ж.Шауменованың өзін-өзі бағалау жұмысы туралы есебі.

**ТЫҢДАЛДЫ:**

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Н.Насырова сөз алып, күн тәртібіндегі мәселе бойынша таныстырды.

Ол «Балбөбек» бөбекжай-бақшасында» 2026 жылдың 02–26 наурыз аралығында өзін-өзі бағалау жұмыстары жүргізілгенін атап өтті.

Өзін-өзі бағалау нәтижелерімен таныстыру үшін сөз балабақша меңгерушісі Р.Ж.Шауменоваға берілді.

**СӨЙЛЕДІ:**

Р.Ж.Шауменова – өзін-өзі бағалау комиссиясының төрағасы, балабақша меңгерушісі.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес, «Балбөбек» бөбекжай-бақшасында кезектен тыс №4 педагогикалық кеңес шешімімен 2026 жылдың 02–26 наурыз аралығы өзін-өзі бағалау кезеңі ретінде белгіленді.

Осы кезеңде өзін-өзі бағалау жүргізу үшін арнайы жоспар құрылып, жоспарға сәйкес жұмыстар атқарылды.

Өзін-өзі бағалау барысында білім беру қызметі нормативтік-құқықтық актілер негізінде зерделенді. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін бағдарламаларын іске асыратын ұйымдардың қызметін бағалау өлшемшарттарына сәйкес бағалау парақтары толтырылды.

Нәтижесінде білім беру қызметтерін көрсету сапасы **35 балл**, «Жақсы» деңгейде деп бағаланды.

Бағалау барысында:

- педагог кадрлардың біліктілік деңгейі;
- санаттық көрсеткіштері;
- біліктілікті арттыру курстарынан өтуі;
- материалдық-техникалық база;
- мемлекеттік талаптарға сәйкестік;
- ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға жасалған жағдайлар;